

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 26 қаңтардағы N 2827 Заң күші бар жарлығы

"Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша уәкілеттік беру туралы" 1993 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының Z933600_1-бабына сәйкес, Ақмола қаласын абаттандыру және оны дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасау үшін инвестициялар тарту мақсатында Қаулы Етемін:

1. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 24 сәуірдегі Заң күші бар N 2235 Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 6, N 43-құжат) мынадай өзгертулер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 34-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 2) тармақшамен толықтырылсын:

"2) Ақмола қаласында тіркелген және құрылыспен шұғылданатын шетелдік немесе шетелдің қатысуымен құрылған ұйымдарды қоса алғанда, Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін ұйымдар, құрылысқа байланысты қызметінің кезеңіне, бірақ бес жылдан аспайтын мерзімге";

2), 3), 4), 5) тармақшалар тиісінше 3), 4), 5), 6) тармақшалар болып саналсын.

2. 123-баптың 3-тармағы мынадай мазмұндағы 7) тармақшамен толықтырылсын:

"7) Ақмола қаласында құрылыспен шұғылданатын, Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін заңды тұлғалар, құрылысқа байланысты қызметінің кезеңіне, бірақ бес жылдан аспайтын мерзімге";

7), 8) тармақшалар тиісінше 8), 9) тармақшалар болып саналсын.

3. 134-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен

толықтырылсын:

"4) Ақмола қаласында құрылыспен шұғылданатын, Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін заңды тұлғалар, құрылысқа байланысты қызметінің кезеңіне, бірақ бес жылдан аспайтын мерзімге босатылады".

II. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК